

УДК 371.218.13

ЖАСТАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ - АУЫЛ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ МОДЕЛЬДІ ОБРАЗЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А.Г.Исенғалиева, Г.А. Пайзиева, М.С.Шынжігітова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Халқымыз көптен күткен көкейкесті мәселені көтерген «ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Президенттің Қазақстан халқына жолдауында ауылға айрықша назар аудару – ел өміріндегі елеулі оқиға десек артық айтқандық емес.

Елбасымыз дөп басып айтқандай: біздің ауылға деген ерекше көзқарасымыздың демографиялық көші-қон және әлеуметтік астары, сонымен қатар экономикалық себептері де бар. Тәуелсіз Қазақстанымызды алып бәйтерек деп бейнелер болсақ, ауыл соның нәр беретін тереңде жатқан қасиетті қан тамыры. Тамыры суалған бәйтеректің өмірі ұзақ болмасы тағы да талассыз. Ал сол ауылда қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың отырғаны, ол жақта біздің бүр жарып болашағымыз балалардың өсіп келе жатқандығын ешқашан естен шығармауымыз керек. Олай болса сол өркендеп келе жатқан өмірін қашанда бос өткізбес үшін ауыл жастарының білімін, рухани, моральдық жағынан дамыту үшін бар жағдайды жасау біздің міндетіміз.

Ауыл жастарын тәрбиелеуде олардың, мәдени, рухани, білімдерін дамытуда негізгі орталықтардың бірі – ауыл кітапханалары. Ақпараттық мәдениеттің негізгі орталығы -

сол ауыл кітапханаларының жалпы жағдайы, перспективасы қандай, күйде қандай болмақ?

Ауылдық кітапхана - бүгінгі таңда адамгершілік пен ізгіліктің ғылым мен білімнің салауатты өмір мен парасатты өркениеттің ұйытқысы.

Ауылдық кітапхана жұмысының басты бір міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, дінін қастерлейтін және жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарды насихаттаумен қатар жастарды елжанды тұлға ретінде тәрбиелеуде насихат жұмыстарын жүргізу.

Заман тез өзгеруде және күн өткен сайын жаңа білімді, ақпаратты, қажет етеді. Ақпарат қай кітапханада бар немесе ол жарыққа шықты ма, жоқ па, бұның бәрі де маңызды емес. Оның арнаулы бір тақырыпқа сұранысы бар және ол жауапты бүгін, қолма-қол алғысы келеді. Сондықтан да біз әр кітапхананың алдына міндет қоямыз: кез келген ақпаратты пайдалануға жағдай жасау; жеке тұлғаны дамытуға, оның білім алуына, кәсіби жетілуіне бағытталған кез келген ақпаратпен қамтамасыз ету.

Ол үшін ауыл кітапханасын заман талабына сай жаңа образда қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыда ақпараттық білімділік мәдени ағартушылық орта ретіндегі кітапхананың әлеуметтік әсері ауылда, өзге мекемелер мен мәдени ұйымдар жүйесі құрылған ортада мультипликативті ерекшелікке ие. Кітапханалық өлшем жасампаздыққа бейімделген ұрпақтар сабақтастығын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар ұлттың болашақ рухани және адамгершілік идеалдарын қалыптастырады. Бұл құндылықтар әрине өз бастауын ауылдан алады.

Ауылда республика халқының 43,7 пайызы тұрады, ал олар - конституциялық норманың ақпараттық мүмкіндігі мен еркін рухани дамуды жүзеге асыруға біздің барлық күштеріміз бағытталған елдің негізгі адами ресурстары. Ауылдың шұғыл әлеуметтік дамуы біріншіден, ақпараттық коммуникативтік технологияларына негізделген, екіншіден азаматтардың барлық категориялары қол жеткізе алатын үшіншіден, оқырмандар сұранысын қай жағынан болса да нақты қанағаттандыратын модельді кітапхана құру. Біз ауыл кітапханасының заман талабына жауап беретін жаңа парадигмасын қалай көреміз.

Бұл қазіргі ақпараттық коммуникативтік технологиялары мен оқырмандар сұранысына жауап бере алатын жан-жақты өмірге негізделген ауыл кітапханасын жасап беруге мүмкіндік туғызатын технонологиялық, ұйымдық, қаржы экономикалық көзқарастардың жиынтық жүйесі.

Парадигма - бұл біздің Қазақстандық кітапхана кеңістігіндегі жаңа идеология. Оның мәні кез келген ауылдық кітапхананың құқығы болуында және ақпараттық өнімін көрсете алуында. Оған қоса модельді ауыл кітапханасы дәстүрлі кітапханаға тән барлық ерекшелікке ие болуы тиіс. Бұл таңдағы заңмен бекітілген ақпаратты еркін алу туралы конституциялық норма – шалғай аудандардағы тұрғындардың жетістігі болып табылады. Біз мұны жеткілікті деп есептейміз. Себебі біз әлеуметтік кепілдендірілген жолмен келеміз.

Әлемдік жаһандану процестері кітапханашылар алдына көп ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде жаңа мәселелер қойды. Бұл мәселелерді елді мекендердің мәдени экономикалық орталық пен мемлекеттің саяси өмірінен алыс орналасу факторларынан тәуелсіз шешу керек. Бұл үшін бізге жоғары ақпараттық технологиялардың дамуы мүмкіндік береді. Оның үстіне біз кітапхана ісінде технологияларды қолдана алатын және жұмыс істей алатын кәсіби ресурстардың мүмкіндігі жоқ деп есептейміз. Олай болса ауыл кітапханасының жаңа парадигмасының қажеттігі бұл біздің ойлап тапқан жаңалығымыз емес, бұл уақыт талабы.

Модельді ауыл кітапханасы республикалық жалпы кітапханалар жүйесінің ажырымас бөлігі ретінде, оны ұйымдастыру, құқықтық формасында ол аудандық кітапхананың фирмасы болып есептелінеді.

Модельді ауыл кітапханасының ең алғашқы әрі негізгі ерекшелігі – оның интернет – технологиясына өтуі. Яғни кітапхана ақпараттық-коммуникативтік жүйелер орталығына айналуы мүмкін.

Ауыл кітапханасына интернетті енгізе отырып біз жекеменшік интернет кафелері мен гипермаркеттегі интернет терминалдары мен салыстырғанда, біріншіден, интернетті ақысыз пайдалануды қамтамасыз етуіміз керек, екіншіден, сапалы білімдік, ғылыми, мәдени және ақпараттық-библиографияның ақпаратты қамтамасыз етуді қолға алуымыз керек.

Екінші ерекшелік. Модельді ауыл кітапханасы өзінің дәстүрлі ерекшеліктерінен – 50 пайыз ғылым, мәдениет және өнер салаларындағы негізгі әдебиет 30 пайыз кәсіби әдебиет, білім, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бойынша және 20 пайыз ақпараттық және баспасөз әдебиеті көлеміндегі кітап қорына ие болудан бас тартуы керек. Бұл массивтің барлығы интернет жүйесі ресурсымен толықтырылады.

Ерекше мәселе – ілімнің барлық саласы бойынша бізде де шетелдерде шығарылатын электронды ақпаратты – ауыл кітапханаларының сатып алуын қамтамасыз етеді. Ол үшін ауыл кітапханасы тыңдау және оқу үшін оқырманға автоматтандырылған орын беруі керек.

Үшінші ерекшелік. Модельді ауыл кітапханасын құру кезінде барлық күш жігерді оқыту бағдарламаларының, тілдік, білімділік және ақпараттық оқулықтардың электрондық қорын қалыптастыруға жұмсау керек. Ал білімділік және тілдік курстардан алыстатылған және төлеуге шамасы келмейтін ауыл тұрғындары үшін бұл қажеттілік әлеуметтік тұрғыдан дәлелденген.

Төртіншіден. Бұл модельді ауыл кітапханасының қалыптасуының басқышында келесі өлшемдер бойынша 2 штаттық бірліктің болуы: кітапхананың бас меңгерушісі жалпы кітапхана үшін, қорларды жинақтауға жауапты және компьютер қызметін атқарушы, яғни компьютерлік технология мен интернетпен практикалық жұмысты жүргізудің тұрақты курсын ұйымдастырушы. Кітапхананың екінші басшысы – электронды пошта қызметін, оқырмандардың интернет жүйесіне қосылуын жүзеге асыратын және бақылайтын, сондай-ақ дәстүрлі кітапхана қызметтеріне басшылық жасайтын адам.

Екінші басқышта модельді кітапхананың штатын программистпен, веб-дизайнермен және кітапхана аналитігі мен күшейту керек. Яғни модельді кітапхана байланыстың атаусыз құралы болмай, жалпы ұлттық интернет-ресурсының қалыптасуы процесіне қатысуы керек.

Бесінші ерекшелік. Бұл келесідей әмбебап өлшеуіштер, бұлар кітапхананың өмірдің эпицентрі болуға мүмкіндік жасайды:

- модельдік кітапхана белгіленген жергілікті жаңалықтарды және су жаңа ақпараттарды, оқиғаларды хабарлайтын ауылдық радио-орталық қызметімен кітапхананы қосымша қамсыздандыру;
- компьютерлік сауаттылық пен оқырмандар сұранысы бойынша «Бух есен-1С», «Сауда» программаларын, компьютерлік графика мен дизайн, цифрлік видео мен көркем суретке үйрететін модельдерді ашу;
- құқықтық ақпарат орталығын ашу;
- отандық және әлемдік кинематограф классикалары мен деректемелерін көрсету үшін кескінді құрылғы мен „Үй кинотеатры“, жиынтығы қажет;
- ең жаңа ақпараттық - коммуникативті технологияларды пайдалана отырып, жоғары білімнің аралық орталығын ашуға болады.

Осылайша, оқудың ауылдық кітапхананың модельдігін біз жұмыс принципі ретінде қарастырамыз. Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктердің барлығы жекелегенде маңызды емес, тек бірлікте ғана олар әмбебап қызметтер жиынтығын беретін модельді ауыл кітапханасының негізі бола алады.

Бұл тақырып 2 –3 жылдағы мемлекеттік мәселелердің бірі болғандықтан, біз практикалық қадамдарымыздың шамамен белгілеп көрейік.

Бірінші, егер біз республикалық кітапхана қоғаммен біріге отырып біздің жобамыздың маңыздылығын түсіндіре алсақ бейресми республикалық кеңес арқылы резолюция алу мүмкіндігіне ие болсақ және мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі арқылы мемлекеттік деңгейде жүзеге асатын және қаржыландыратын, ауылдық территорияларда модельді ауыл кітапханасының даму бағдарламасын өңдеушілерге бағыттау. Оған дейін бұқаралық ақпараттардың негізгі құралдарына осы кеңесте қабылданадатын революцияны жариялау.

Екінші, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы бізден алдын ұлттық ақпараттық инфрақұрылымның қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасын өңдеушілерге өздерінің бірыңғай электрондық кітапхана жүйесін қалыптастыру жобасын ұсынды. Оған біз компьютерлер мен техниканы сатып алудың бірінші басқышын қарастыратын 14 модельді ауылдық кітапханалардың шығымын қостық. Жағдай келесідей: бүгінгі таңда біз 2006 жылға дейін ұлттық ақпараттың құрылымды құру бағдарламасын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Президентінің типті Жар-

лығын күнштеп отырмыз. Үшінші, облыс әкімдеріне 2004-2005 ж.ж. ең шалғайдағы елді мекендерде осындай модельді адал кітапханаларының 3 – 4 уін қаржыландыру және кадрлармен қамтамасыз ету бойынша құжат таңсыру, бұлардың облыстық көлемінде әлеуметтік – экономикалық дамуы үшін пайдалы екендігін мойындату.

Бұл моделдік стандарттың мақсаты - жергілікті жағдайға байланысты кітапхана мекемелерінің ұйымдастыру жұмысына жергілікті басқару органдарына көмектесу. Жалпы оның сипаты болашаққа мақсат пен бағдар. Бұл арқылы олар қоғамдық дамудың барлық сұранысына жауап беруді көздейді.

Ауылдық кітапханалардың жаңаруы ауыл өмірінің перспективалық бағдарына байланысты. Қазіргі кезеңде ауылдық кітапхананың басты қызметі – адамдарды, болашақты өзгеруші әлемге бейімдеу, тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктеріне жол ашу, олардың алуан рухани, мәдени ағартушы күнделікті өндірістік және ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Ауыл кітапханасының болашағы тек дәстүрлі функциясы мен қызметінің формасын, мекемені сақтап қалуда емес, ең негізгісі – ондағы тұрғындардың жастардың, өресі өрен ұрпағымыздың қызығушылығын қанағаттандыруға бейім мүмкіндігін, бұған дейін ерекшеленбеген жұмыс бағытын дамыту, дағдысыз ассортимент қызметін игеру арқылы мәдениетті, білімді, сапалы ақпараттың көпшілікке жеткізілуіне бағытталуы міндетті.

Сонымен қорыта келе ауыл кітапханасы инновациялық қызметтің негізі мен жаңа модельді образға ие бола отырып, жастарды ақпараттық қоғаммен ақпараттық мәдениетке тәрбиелеудің басты эпицентрі болуы тиіс.

Әдебиет

- 1 Филищенко А.С. Программа развития сельских библиотек на 2002-2005гг// Кітапхана.- 2003.- №1. -Б.20-24.
- 2 Справочник библиотекаря /Под ред. А.Н.Ванеева, В.А.Минкиной.- СПб.:Профессия, 2000.- С.325-384.

Резюме

В данной статье рассматривается инновационная функция сельских библиотек в воспитании информационной культуры молодежи.

Summary

In this article examine new function rural libraries in educational information culture of young peoples.